Нөмірі: KZ58VDC00025314
Күні: 12.08.2014

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы»
Мемлекеттік Мекемесі

030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы 40,
☎: 8(7132) 55-09-30, факс: 8(7132) 55-09-34
e-mail: nedra2004@inbox.ru

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
Государственное учреждение
«Управление природных ресурсов и регулирования природопользования»
Актюбинской области

030010, город Актобе, пр. Абилкайыр хана 40,
☎: 8(7132) 55-09-30, факс: 8(7132) 55-09-34
e-mail: nedra2004@inbox.ru

«Батыс Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану өңіраралық департаменті «Батысқазжерқойнауы»ММ

«Ақтөбе облысындағы Ойыл кен орны жерасты суының қорын қайта бағалау мақсатында тыңғылықты барлау» жобасына Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы

«Ақтөбе облысындағы Ойыл кен орны жерасты суының қорын қайта бағалау мақсатында тыңғылықты барлау» жобасын «Ақпан» ЖШС әзірленген.

«Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін «ГидроЭкоРесурс» ЖШС әзірлеген (Мемлекеттік лицензия №01377Р 12.01.2011 жылы берілген) Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы 2-76.

Жоба материалдарының тапсырушысы: «Батыс Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану өңіраралық департаменті «Батысқазжерқойнауы» ММ, Ақтөбе қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі 5Б.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қарастыруына «Ақтөбе облысындағы Ойыл кен орны жерасты суының қорын қайта бағалау мақсатында тыңғылықты барлау» жобасы ұсынылды.

Ақтөбе облысының жер қатынастары басқармасының 2014 жылғы 12 мамырдағы №03/04/537 шығыс хаты.

Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаментінің 2014 жылғы 26 маусымдағы №23-03-10/01/1295-зп хаты;

Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың 2014 жылғы 04 шілдедегі №716 тұжырымдамасы.

Материалдар қарастыруға №4949 хатпен 2014 жылы 15 шілдеде түсті.

Жалпы мағлұматтар

Жобада Ақтөбе облысындағы Ойыл кен орны жерасты суының қорын

қайта бағалау мақсатында тыңғылықты барлау жұмыстары қарастырылған.

Жұмыс аймағы Ақтөбе облысының Ойыл ауданында орналасқан.

Ойыл кен орнының жерасты су қоры әуелгіде 1968-1970жж. аралығында бағаланып, кең ауқымды бұрғылау және тәжірибелік жұмыстар жүзеге асырылды.

Жалпы алғанда, аталмыш кен орны бойынша жерасты су қорын қайта бағалау міндеттерін орындау үшін келесі жұмыс түрлерін атқару қарастырылған:

- Көлемі 50қ.м. құрайтын №591ц 1 ұңғыманы су бөгет аумағында БА-15 бұрғылау қондырғысымен роторлық әдіспен бұрғылау;
- Жалпы көлемі 175қ.м-ді құрайтын 5 ұңғыманы Камаз 4318-1017 автокөлігінің шассиіне орнатылған өздігінен жүретін ЛБУ-50-04 қондырғысы арқылы екпінді бұрғылау;
- Жалпы көлемі 36 бр/ауысымды құрайтын, оның ішінде ЛБУ-50-04 қондырғысымен 30бр/ауысым, БА-15 қондырғысымен 6бр/ауысым, КВ-12/12 компрессоры мен эрлифтпен атқарылатын 6 ұңғымадан тәжірибелі жерасты суын тарту жұмыстары;

Түздік кезең шамамен 2015 жылдың мамыр айында басталып, 6 айға созылады. Аталған жұмыс көлемін орындау үшін бекітілген жұмысшылар саны 9 адамнан аспайды. Учаске аумағында далалық лагерь құрылуы жоспарланған.

Ұңғыманы бұрғылау жұмыстары өздігінен жүретін бұрғылау БА-15 және ЛБУ-50-04 қондырғыларымен атқарылады. Әрқайсысы ЯМЗ-36 маркалы қозғалтқышының күшімен жұмыс істейтін Урал және Камаз-740 автокөліктерінің шассиіне орнатылған.

Тәжірибелі жерасты суын тарту жұмыстары ЯМЗ-236 маркалы қозғалтқышының күшімен жұмыс істейтін КРАЗ-257 автокөлігінің шассиіне орнатылған КВ-12/12 компрессорымен жүзеге асады.

Жобада объектінің технологиялық және құрылыс шешімдері, объект орналастырылатын ауданының климаттық сипаттамалары жөнінде қысқаша мәліметтер келтірілген.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау

Объектінің құрылысы кезіндегі атмосфералық ауаға ластаушы заттектер шығару көздеріне – ЛБУ-50-04 және БА-15 өзі жүретін бұрғылау қондырғылары, КВ-12/12 компрессорі, АД-315 электростансасы жатады.

Жерасты суының қорын қайта бағалау мақсатында тыңғылықты барлау кезіндегі атмосфералық ауаға шығарылатын ластаушы заттектер тізімі

Код	Атауы	Қауіптілік класы	Шығарындылар г/сек	Шығарындылар т/жыл
0301	Азот (IV) диоксиді	2	0.43965955	0.29051964
0304	Азот (II) оксиді	3	0.0495408	0.04720665
0328	Көміртек	3	0.035	0.0332135
0330	Күкірт диоксиді	3	0.04667122	0.04074386

0337	Көміртек оксиді	4	0.33937	0.323064
0703	Бензапирен	1	0.00000061	0.0000609
1325	Формальдегид	2	0.0436	0.1270653
2704	Бензин	4	0.000403	0.0003586
2754	Алкандар С12-19	4	0.175	0.1665
2908	70-20% қос тотықты кремний шаңы	3	0.005612	0.002878
	Барлығы		**1.13485718**	**1.03161045**

СҚА есебі «ЭРА. V 1.7.247» бағдарлама кешенімен әзірленген.

Үлгілеу нәтижелерін саралаудан көретініміз, максимальді жер бетілік шөгінділер барлық ластаушы көздердің бір мезетте жұмыс жасаған жағдайында шартты СҚА аймағында қалыпты мөлшерде болады. Ластаушы заттардың шөгінділері атмосфералық ауада 1 ПДК шығарынды көздерден 280 м қашықтықта құрайды.

Жер асты және жер үсті суларына әсері

Жобаланған объектідегі су ресурстардың әсері, ағынды сулардың ластану дәрежесіне байланысты және олардың жергілікті тазарту құрылыстарында тазартылуының мүмкіндігі бойынша, су ресурстарын тиімді пайдалану бағамен анықталады.

Құрылыс кезіндегі шаруашылық қажеттілік үшін суды тасымалданып әкелінетін болады.

Құрылыс кезіндегі жұмысшылар саны – 9 адам.

Құрылыс кезіндегі ауыз су мөлшері – 14,4м³/жыл, шаруашылық-тұрмыстық қажеттілік үшін судың шығыны – 178,2м³/жыл құрайды. Құрылыс кезіндегі ағынды сулар мөлшері – 124,74м³/кезең.

Құрылыс кезіндегі ағынды сулар жерасты контейнерге қарастырылған, толған кезде келісім бойынша арнайы мекемелермен тазартылады.

Объектінің құрылысы мен пайдалануы кезінде жер асты, жер үсті суларының ластануы күтілмейді.

Топыраққа, өсімдіктер және жануарлар әлеміне әсері

Жобаны жүзеге асыру барысында топырақ қабатына, өсімдіктер және жануарлар әлеміне қайтарылмайтын кері әсерлер күтілмейді.

Қалдықтар

Объектінің құрылысы кезінде түзілетін жалпы қалдықтар:

- қатты тұрмыстық қалдықтар – 1,035тонна;
- бұрғылау шламы – 13,28 тонна.

Пайда болатын барлық қалдықтар әрі карай жою үшін арнайы кәсіпорынға келісім шарт бойынша жіберіледі. Тұрмыстық қатты қалдықтар контейнерлерге жиналып, ҚТҚ полигондарына келісім-шартқа сай жіберіледі. Бұрғылау шламы ұңғымаларды қоршау, жою жұмыстары және то

пырақты қалпына келіру жұмыстары кезінде қолданылады.

Қорытынды

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мемлекеттік экологиялық сараптамасы «Ақтөбе облысындағы Ойыл кен орны жерасты суының қорын қайта бағалау мақсатында тыңғылықты барлау» жобасы **келісімін береді.**

Орын. Экологиялық сараптама бөлімінің
бас маманы Д.Губайдуллина, тел.55-26-28

Альмурзаева Салтанат Ибрагимовна